Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЫР ӘЛЕМ

Өмір өткелі

Жаратқан иеміз жарық дүниеге әкелген әрбір адамның бұл өмірде өзіндік жолы, мақсаты мен міндеті, арманы мен аңсары болатыны баршамызға белгілі. Ал, халықтың ойын бейнелейтін, сөзін айтатын табиғатынан ақын болып жаратылған адамның миссиясы тіптен ерекше дерсің.

Өмірді өлеңмен әспеттеген жандардың бірі – Роза Төлегенқызы Жылқайдарова. Ол 1959 жылы 15 қаңтарда Алматы облысы Алакөл ауданына қарасты Екпінді ауылында дүниеге келген. «Өмір өткелі» атты жыр жинағы жарық көріпті. Бұл кітабы жайында облыстық «Жетісу» телеарнасының «Таңжарық» бағдарламасында көрсетілді. Бүгінде ол екінші жыр кітабын жазу үстінде.

Талдықорған саябақ түрлендірген,
Хош иісі әдемі гүлдендірген.
Орталықта, Жастарда, жағажайда,
Көремін мен халықты күнде жүрген.

Рахат сыйлап теректің көлеңкесі,
Арықтағы аққан су берекесі.
Гүлдерім жайқалады сусындаған,
Көкмайса Талдықорған ел еркесі.

Қабат үй маңайыңды жағалаған.
Бақытқа бөленеді аралаған.
Әсемсің, әдемісің Талдықорған,
Ауаңнан күш алады бағалаған.

Талдықорған өркендей бер, өсе бер,
Жарқырасын шамдарыңмен көшелер.
Ғасыр жалғап, жұпар шашып гүліңмен,
Жаса қалам, самал желмен есе бер.

* * *

Сендерменен бірге болдым туғандарым,
Өздеріңмен күліп-ойнап, думандадым.
Сезіліп тұр жүзіңнен күлімдеген,
Бір-біріңді сағынысып тұрғандарың.

Туғандарым, сендер менің асылдарым,
Сездіңдер ме сағыныштың басылғанын.
Бірге тумақ болса да, бірге жүрмес,
Сезіміммен сендердің қасындамын.

Ағаларым – асқар тауым, биігім,
Бауырларым – ойнақтаған киігім.
Әпкетайым – сүйенішім, тірегім,
Сіңілдерім – томпиларым, тұйығым.

Бәрің маған аялысың, қымбатсың,
Теңеу таппай жүрегімде жыр жатсын.
Туғандарым береке мен бірлігің,
Өзіңді емес өзгелерді сыйлатсын.

Алла қолдап жете берсін мақсатқа,
Туғандарым лайықсың жақсы атқа.
Ұмытпаңдар бір ұядан балапан,
Сүрінсеңдер бір-біріңді ақсатпа.

Бір туғаның сезілді ме ұяңда
Болмасаң да біргеміз деп қиялда
Бәріміз де бір жатырға сыйсақ та
Сендерсіз мен жер бетіне сыямын ба?

* * *

Әйел жұмақ еркек үшін,
Жаңұя ол ертегі шын.
Еркек деген алтын діңгек,
Қамын жейтін ертеңі үшін.

Әйел ерін бағаласын,
Өзін тең деп санамасын.
Көз салмасын бөгделерге,
Өз еркегін жағаласын.

Сүйіп тұрып кешіретін,
Өкпелерді өшіретін.
Әйел деген атқа лайық,
Ердің құнын өсіретін.

Әйел ердің көлеңкесі,
Әйел үйдің берекесі.
Әйел ана баласы үшін,
Әйел деген ер еркесі.

Әйел үшін өз еркегі,
Ұйып тұрған бір ертегі.
Сезімінің кілтіменен,
Сандығынан сыр шертеді.

Ерін ұққан қабағынан,
Оқып тұрар жанарынан.
Бағалайтын өз еркегін,
Кезіктірсін саналыдан.

Әйел ердің мәртебесі,
Биіктетер әр төбесі.
Саналы жар еркек үшін,
Саялайтын жар тек осы.

Әйел ерді өсіреді,
Әйел ерді өшіреді.
Әйел етіп ұстамасаң,
Тәрбиеден кешігеді.

Әйелде де жын болады,
Әй деп қойсаң жым болады.
Әйеліннің қандайлығын,
Сынап кетер бір қонағы.

Үйде бірақ шәй демесін,
Әйел ұқсын әй дегесін.
Көңіліңмен қара шәй бер,
Ет жемесін май демесін.

Еріңе бер тізгінінді,
Ұмыт қалқа қыз күнінді.
Алтын басын аяласаң,
Ерің етпес сізді мұңлы.

* * *

Бейсен Құранбек бауырым,
Қабырғасы қайысып тұр қауымның.
Сені жылап шығарып салып бәрі де,
Табиғат та төгіп тұр ғой жауынын.
Көз жасымыз көктен жауып жатыр ғой,
Бейсен біздің ақ пейілді ақын ғой.

Құрметі де, сыйы да бар еліне,
Қайран боздақ қайтып бара жатыр ғой.
Сен айтпақшы айтуға оңай болады,
Сен кетесің, орның кіммен толады?
Ерте қайттың иманды бол, бауырым,
Күллі пенде бұл дүниенің қонағы.
Қабырғасын қайыстырдың адамның,
Көз жастары жарың менен балаңның.
Халқың сені шығарып салып қимастан,
Күңірентіп көк аспанын далаңның.
Иманды бол, иманды бол, қарағым,
Бейсен сені кірсінші деп жұмаққа,
Ілінбесін Алла алдында сұраққа,
Халқың саған жұмақ сұрап тілейді.
Оразаның қалған күні бір апта,
Қандай десе айтып жатыр жақсы адам,
Досты артық көретұғын ақшадан,
Денсаулық тіленДер деп ескертті,
Бата,тілек артық екен басқадан.
Тілеп саған ашылса деп жұмақты,
Қайғың сенің қанша жанды жылатты.
Көк те төкті жасын жерге сіркіреп,
Өлең жолмен ағызды ақын бұлақты.
Жақсы адамдар ертеректеу қайтады,
Жақсы адам деп жаназада айтады.
Тірі күнде бағалайық пендені,
Кең пейілде сезілсін дала байтағы,
Иманды бол, қазағымның жайсаңы!

* * *

Аналық құштарлыққа жеткен анам,
Мейірімін сәбиіне сепкен анам.
Тоғыз ай тоғыз күнде жарық беріп,
Махаббатын тек өзіме төккен анам.

Сен көрдің мен жымиып күлгенімді,
Сен көрдің мен еңбектеп жүргенімді.
Көзден сақтар үкілі тақия бар,
Тіл шықсын деп үйреттің білгеніңді.

Әлди әні тербетіп жүрегімді,
Санама сіңіріпсің білеріңді.
Өзіңе ұқсап мен тағы әнші болдым,
Ақындық өнерің де жүре мінді.

Мен ана өнер жолын оқымадым,
Өмір жолы болды мекен тоқығаным.
Әншілік, ақындық та қанмен келді,
Септігіме туған жерім топырағың.

Мен өзімді ақын деп айталмаймын,
Шабыт келсе бұрылып қайталмаймын.
Құйындатып жоғары алып шығар,
Желдетіп таудан еске Сайқандайын.

Мың алғыс, бас иемін саған, ана,
Өнерді үйіп төккен маған ана.
Мен сенің ақ сүтіңді ақтап өтем,
Мен жетейін жете алмаған бағанаңа.

Кейде өлең шықпай жүрегіндегі,
Тағдырға мына мұңайып.
Кей күні өзім күлемін тегі,
Өткенге артып мың айып.

Өмірге деген құлшыныс туар,
Алдағы қойған мақсаттан.
Бірде күлдіріп бірде жас жуар,
Уақыт мұны ақсатқан.

Ойыңмен самғап кетесің биік,
Бойыңда күшің жетпейді.
Бар қуатыңды бойыңа жиып,
Қолыңды созып өт мейлі.

Жақсыға ұмтыл қашық болса да,
Үмітіңді сен өшірме.
Күнәңнің жолы ашық болса да,
Қатеңнің бәрін кешір де.

Пендеміз біз де сөйлеп қалатын,
Өзіңдегіні көрмейтін.
Алла бар ертең жөнге салатын,
Сайтан емессің өлмейтін.

Айтамыз кейде өмір бұл жалған,
Өкпеміз бардай біреуге.
Өмірге мына жетелер арман,
Қақың жоқ оны мінеуге.

Тәй-тәйлап кейде тұсау кесердей,
Сүрініп өзің жүргенің.
Жеткізбес кейде үміт өшердей,
Кез болып саған мың өлім.

Адамға мына дүние-мүлік,
Ақша емес қалта толатын.
Көңіл-күй, қуат, мейірім, үміт,
Жанына шипа болатын.

* * *

Тамшының тырсылы ма даладағы,
Қар ма екен жауып жатқан, ағарады.
Дүлей жел соғып тұр ғой борандатып,
Қашаның сылдыры ма бағанағы.

Ақ қармен көмкердің бе жердің бетін,
Сары аяз Сарыарқасын мен білетін.
Солтүстік мұз үйлерін көкке тіреп,
Астана әсем қалам деп жүретін.

Шамдарың самаладай жарқыраған,
Әсемдігің ұнайды жалпы маған.
Қаласы ертегінің деп қаламын,
Аңыз болып ешкімге айтылмаған.